

Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күші жойған

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 12 шешімі. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 22 ақпанда № 9-17-133 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 54 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2012.12.21 № 54 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес Сарыкөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) табысы аз отбасылардың тұлғаларына кәмелетке толмаған балаларын жерлеуге, біржолғы, 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Әлеуметтік көмек өтініш беруші ата-ананың біреуіне немесі басқа заңды өкіліне, егер бала қайтыс болған күні "Сарыкөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган) жұмыссыз ретінде тіркелген болса тағайындалады және төленеді;

2) білім беру ұйымдарында оқуды төлеуге бағытталған, мемлекеттік бюджеттен өзге төлемдерді алушылар, мемлекеттік білім беру гранттарының иелері болып табылатын тұлғаларды есептемегенде, өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың жастарына, жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқуды жалғастыратын, техникалық, кәсіби, ортадан кейінгі және жоғары білімді алуға байланысты білім беру ұйымдарына нақты шығындар бойынша шығындарды өтеуге. Тұтынушының өтініш жасаған фактісі бойынша жылына бір рет көрсетіледі;

3) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, қосымша

тамақтануға, біржолғы, 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар, отбасылардың тұлғаларына, қайтыс болған туыстарын жерлеуге, егер қайтыс болған күні жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген болса, біржолғы, 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) барлық санаттағы мүгедектерге, табыстарын есепке алмай, нақты шығындар бойынша жедел емделуге, біржолғы, бірақ 50 айлық есептік көрсеткіштен көп емес;

6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс Күніне орай, біржолғы, 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына, біржолғы, 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, ай сайын, 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

2. "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес анықталсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс сессияның төрағасы,
аудандық мәслихатының хатшысы А. Қарашолақов
КЕЛІСІЛДІ:

"Сарыкөл ауданы әкімдігінің
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Ю. Кондриков

Мәслихаттың

2012

жылғы

1

ақпандағы

№ 12 шешіміне қосымша

"Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі

1. Міндетті құжаттар:

- 1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұтынушының өтініші;
- 2) алушының жеке басын куәландыратын құжат, ал кәмелетке толмаған алушылар үшін – туу туралы куәлік;
- 3) алушының тұратын жері бойынша тіркеуді растайтын құжат;
- 4) алушының салық төлеуші куәлігі;
- 5) алушының банқтық шоты болуын растайтын құжат;
- 6) алушының заңды өкілі өтініш жасаған кезде, жеке басын куәландыратын құжат, және заңды өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат қоса беріледі.

2. Қосымша құжаттар:

- 1) табысы аз отбасылардың тұлғаларына кәмелетке толмаған балаларын жерлеуге:
өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға, тұлғаның (отбасының) табыстары туралы мәліметтер;
қайтыс болуы туралы куәлік;
- 2) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың жастарына, жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқуды жалғастыратын, техникалық, кәсіби, ортадан кейінгі және жоғары білімді алуға байланысты білім беру ұйымдарына нақты шығындар бойынша шығындарды өтеуге:
өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға алушының (отбасының) табыстары туралы мәліметтер;
тиісті оқу орнымен берілген, оқу жылына оқу төлемінің мөлшері мен оқу орнын растайтын құжат;
оқу төлемін растайтын құжат;
- 3) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, табыстарын есепке алмай, қосымша тамақтануға:
емделуде болғанын растайтын, тиісті медициналық ұйымнан анықтама;
- 4) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар, отбасылардың тұлғаларына, қайтыс болған туыстарын жерлеуге, егер қайтыс болған күні жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда

жұмыссыз ретінде тіркелген болса:
өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға, тұлғаның (отбасының)
табыстары туралы мәліметтер;
қайтыс болуы туралы куәлік;
туыстық қатынастарды растайтын құжат;

5) барлық санаттағы мүгедектерге, нақты шығындар бойынша жедел
емделуге:
алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;
емделу шығындарын растайтын құжат;

6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан
соғысындағы Жеңіс Күніне орай:
егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының
әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

7) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы
орташа табысы Қостанай облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен
табыстары бар отбасылардың тұлғаларына:
өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға тұлғаның (отбасының)
табыстары туралы мәліметтер;

8) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, ай сайын:
егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының
әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

3. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқа мен көшірмелерде
ұсынылады, содан соң құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге өтініш берген
күні қайтарылады.

4. Осы шешімнің 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларымен қарастырылған
жағдайда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жұмыссыз
ретінде тіркелуін тексереді.